

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ



**МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ КОМИССИЯСЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА
АРНАЛҒАН АЛГОРИТМ**
(төтенше жағдай уақытында)

Қызылорда, 2020-2021 жыл

Құрметті білім алушы!

Болашақ университетінде елімізде орын алып отырған төтенше жағдайға байланысты мемлекеттік аттестаттау комиссия жұмысы қашықтықтан оқыту арқылы жүргізілу жоспарланып отыр. Соған байланысты мемлекеттік аттестаттау комиссия жұмысын қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы ұйымдастыру алгоритмі ұсынылып отыр.

1-дайындық кезең:

Сіз мемлекеттік аттестаттау комиссиясы бойынша үш кешенді мемлекеттік емтихандар тапсырасыз. Оған дайындалу үшін университет сайтында (http://www.bolashak-edu.kz/index.php?select=data&mtype=data&menu_id=135&lang=kz) шолу дәрістері онлайн режимде өткізіледі. Соған қатысып, пәндер бойынша сұрақтарды талдап, олармен бірлескен талдау жұмыстарын жүргізу мүмкіндігіңіз бар.

Жоғары мектеп деканаты тіркеуші офиспен бірлесіп мемлекеттік аттестаттау комиссиясы жұмысының кестесін академиялық күнтізбеге және академиялық саясат талаптарына сәйкес бекітеді.

Шолу дәрістерін игергеннен кейін өндірістік іс-тәжірибелер бойынша есептер де онлайн форматта қабылданып, тиісті бағаңызды аласыз.

Жалпы оқу кезеңдер бойынша барлық емтихандарыңыз, іс-тәжірибелеріңіз бойынша жоғары мектеп деканатында және офис регистраторда талдау жасалынып және оқу ақысына қарыздарыңызды тексеру арқылы мемлекеттік аттестаттау комиссиясына рұқсат беру өкімі дайындалады. Сол өкімдер Сіздерге эдвайзерлер арқылы онлайн режимде таныстырылады. Өкімдегі тізімде болған жағдайда Сіз мемлекеттік аттестаттау комиссиясына жіберілесіз.


1-өткізу кезең:

2021 жылдың 11-22 мамыр аралығында мемлекеттік аттестаттау комиссиясы жұмысы жүргізіледі. Деканат тарапынан өкім бойынша бітіруші курс студенттері мен магистранттары мемлекеттік емтихандар тапсырады.

Мемлекеттік емтихан онлайн форматта билеттік жүйе арқылы өткізіледі. Төменде алгоритмі ұсынылып отыр:

- 1) Бітіруші курс студенттері мен мемлекеттік аттестаттау комиссиясы төрағасы мен мүшелері WhatsApp желісінде топ ашып, сол жерде олардың қатысып отырғандықтарын түгендейді.

- 2) Түгендеп болған соң мемлекеттік аттестаттау комиссиясының техникалық хатшысы білім алушыларға <https://generator-online.com/> сайты арқылы «генерация случайных чисел» жүйесі бойынша оларға билет нөмерлерін анықтайды.
- 3) Әрбір білім алушы өздерінің билеттері бойынша жазбаша жауаптарын дайындайды. Жауап жазу үшін 40-45 минут уақыт беріледі.
- 4) Жауаптарын техникалық хатшыға жібереді. Техникалық хатшы оны <https://www.etxt.ru/antiplagiat/>, <https://text.ru/antiplagiat> сияқты сайттар арқылы жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексереді және нәтижесін арнайы кестеге толтырады.



ЖОБА

№	Студенттің аты-жөні	Түпнұсқалылығы (уникальносты)	Жазбаша жауабы балл (Антиплагиат бойынша)		Комиссияның орташа баллы		Жалпы қорытынды балл
				*0,4		*0,6	
1	Иванов Сергей	100	100	40	90	54	94
		80	80	32	100	60	92
			40	16	100	60	76
			10	4	100	60	64

Жазбаша жауапты антиплагиат бағдарламасы нәтижесі бойынша бағалау шкаласы

ЖОБА

Плагиат бойынша бағалау шкаласы	
Уникальность	Сәйкесті балл
1-40	0-49
41-60	50-59
61-69	60-69
70-74	70-74
75-80	75-80
81-89	81-89
90-100	90-100

- 5) Комиссия мүшелері әрбір білім алушының билет бойынша ауызша жауабын бейнебайланыс арқылы тыңдайды. Бейнебайланыста zoom бағдарламасы арқылы барлық білім алушы мен комиссия мүшелері қатыса алады. Ал егер, Интернет желісі zoom арқылы қиындық туындаған жағдайда WhatsApp мессенджері арқылы комиссия мүшелері және ауызша жауап айтатын білім алушымен топтық бейне-байланыс жасайды. Әрбір білім алушымен жүргізілген бейнебайланыс міндетті түрде жазылу қажет. Бейнежазбаның жазылуына жауапты кафедра меңгерушісі, оны ұйымдастыру техникалық хатшы болып табылады.
- 6) Барлық білім алушылардың жауаптары тыңдалып болғаннан кейін комиссия мүшелері өзара талқылап, қорытынды бағаларын қояды және білім алушыларға zoom немесе WhatsApp жүйелері арқылы хабарлайды. Осы бойынша техникалық хатшы хаттамаларын толтырады. Білім алушыларға қорытынды баға хабарлау бейнебайланыс міндетті түрде жазылу қажет. Бейнежазбаның жазылуына жауапты кафедра меңгерушісі, оны ұйымдастыру техникалық хатшы болып табылады.
- 7) Осылай барлық мемлекеттік емтихандар жүргізіледі.
- 8) Магистранттардың диссертация жұмыстарын қорғау осы тәртіппен жүргізіледі. Магистрлік диссертация қорғау zoom бағдарламасы арқылы ғана жүргізілу міндетті.

3-қорытынды кезең:

Барлық мемлекеттік емтихандар бойынша сәтті өткен және барлық семестрлер бойынша академиялық қарыздар мен оқу ақысына қарызы жоқ студенттерге диплом және қосымшасы толтырылады. Әрбір бітіруші міндетті түрде айналым парағын (обходной лист) толтырып, жеке куәлігін көрсете отырып, дипломын алу мүмкіндігіне ие болады.